

«Б.Сейсекенов атындағы ЖОББМ» КММ-сі
Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№1 Хаттама

Ұлғайсын ауылы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Директор: Б.Жумагулова
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.Молдабаева

Күн тәртібінде:

1. Мектептің материалдық базасы, оны нығайту жолдары мен тәсілдері туралы
2. Құқықтық кеңестің сәтсіз отбасыларға көшпелі отырыстары «Тәуекел тобының» балаларымен әңгімелесу
3. Мұқтаж оқушыларға әлеуметтік көмек туралы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, Б.Жумагулова сөз алып, мектептің материалдық базасы, оны нығайту жолдары мен тәсілдері, оқу кабинеттерінің жабдықталуын айтып өтті.



Екінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Молдабаева сөз алып, сәтсіз отбасы- бұл материалды өмірі нормаға с ай емес, өз өмірінің болашағына сенімсіз қарайтын, күйреуге ұшыраған отбасыны айтамыз. Ата-ананың бойындағы өзіне және сыртқы күшке деген сенімсіздік баланың бойына да, өмір сүру салтына да сіңіп кетеді. Біздің ендігі жұмыс мектебіміздегі сәтсіз отбасындағы балаларды біліп, олармен жұмыстар жүргізу. Мектепте аз қамтылған отбасында тәрбиеленетін балалар бар. Біз олардың жағдайларымен танысып, білісіп отырғанымыз жөн.

Оқушылар қандай отбасынан шыкса да барлық баламен жұмыс бірдей. Қиын тәрбиеленетін балалар, ажырасқан отбасынан да, жақсы қалыптасқан отбасынан да шығып жатады. Оның бәрі баланың ата-ана, отбасы тарапынан шыққан келеңсіз жағдайлар мен баланың назардан тыс қалуынан. Кейбір ата-ана маскүнемділікке салынса, кейбір отбасындағы материалдық жағдайдың жоқтығынан, кейбірі жұмысбастылықпен бала қараусыз өз-өзіне берілгендіктен болатын жағдайлар.

Үшінші мәселе бойынша, әлеуметтік педагог Ж.Сахиев мұқтаж оқушыларға көрсетілген әлеуметтік көмек туралы айтып өтті. Биылғы оқу жылының басында көп балалы отбасылар мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп жатқан білім алушылар тегін мектеп формасымен қамтылды. Аз қамтылған екі оқушыға жеке кәсіпкерлер Жайғарина Б (50 мың теңге көлемінде). мен Жумабекова Т (50 мың теңге көлемінде) мектеп оқу құралдары мен аяқ киімдер алып берді.

Шешім:

1. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін.
2. Әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыларға көрсетілген көмектерге қанағаттанарлық деп баға берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  А.А.Алекешова
Хатшы:  Т.К.Жумабекова